АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ 25 ЖЫЛ

# Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

e-mail: a.yassaui@mail.ru

№13 (421) 30 ҚЫРКҮЙЕК 2016 ЖЫЛ

## Ізгілікке толы кездесу

**31 жастағы жігіттің ізгі ісі – өнеге. Белсенді азамат қайырымдылық қордың негізін қалап, еліміздегі балалар үйлеріне жәрдемдеседі**

## Кәсіподақ құқымызды қорғай ала ма?

**2015 жылдан бері біз облыстық білім саласындағы кәсіподақ федерациясының құрамына ендік. Енді тәуелсіз емеспіз**

## Университет радиосын білесіз бе?

**Дәл осы радиода шыңдалып, «Қазақ, «Шалқар» радиоларында қызмет етіп жүрген журналистеріміз де жетерлік**

## ОҚИТЫНДАРЫҢЫЗ:

**2017 ЖЫЛДАН БАСТАП ҰБТ ЕКІГЕ БӨЛІНЕДІ**

«Ұлттық бірыңғай тестілеуді биыл 2 мәрте тапсыруға болады. Ешбір мемлекетте мұншалықты жоғары әлеуметтік бағаға ие емтихан жоқ шығар. Сондықтан, ҰБТ-ны қайта тапсыру әлеуметтік күйзелісті басуға мүмкіндік береді. Екіншіден, колледж түлектері де ҰБТ-ны қайта тапсыра алады. Қазір оны шілде-тамызда тапсырып жүр, енді біз оларға оны келесі жылдың қаңтарында - 2017 жылы қайта тапсыруға мүмкіндік береміз», - деді министр. **2 - бетте**

**КӘСІПОДАҚ ҚҰҚЫМЫЗДЫ ҚОРҒАЙ АЛА МА?**

Материалдық көмек көрсетілуі үшін алдымен бірінші басшылардың бірінен ұсыныс хат түсуі тиіс. Кәсіподақ комитетінде университет ұжымынан құрылған 15 адамнан тұратын комиссия бар. Барлық шағым-өтініштер алдымен осы комиссияның талқысынан өтеді. **3-бетте**

**САҒЫМ БОЛҒАН САРЫ АУЫЗ БАЛАПАН ШАҚ**

Айтылған аудиторияға алып-ұшып кіріп келсек, апайымыздың өңі әбден сұрланып кетіпті. «Қайда жүрсіңдер», деп ызалы үнмен тіл қатқаны сол еді, мына мен мән-жайды түсіндірмек болып: «Біз сізді өзіміздің аудиториямызда күттік», деп ақтала жөнелдім. Кейін аңғардық, студенттер көшпелі қазақтың күйін кешеді екен. **5-бетте**

**ЭКСПО-2017 ЕРІКТІЛЕРІ ІРІКТЕЛДІ**

ХҚТУ-дің 85 студенті іріктеудің 2 кезеңінен де сәтті өтті. Тіркелген еріктілер Экспо-2017 көрмесіне дейін тәжірибеден өтеді. Қабілеттеріне қарай аудармашы, гид-таныстырушы, ұйымдастырушы сияқты әр салаға бөлінеді. **3-бетте**

# СЕНАТ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

**Университет президенті У.Әбдібековтің төрағалық етуімен Сенаттың алғашқы мәжілісі өтті. Оған Сенат мүшелері, кафедра меңгерушілері, бөлім басшылары мен күн тәртібіне қатысы бар қызметкерлер қатысты.**

Алдымен Уәлихан Сейділдаұлы бірқатар мерейтой иелерін, жетістікке жеткен профессорларды марапаттады. Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің шешімімен Ж.Торыбаеваға педагогика мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді. І вице-президент Мехмет Құталмыш «Сапа және үнемдеу жұмыстары» туралы баяндама жасады. Бауырлас екі мемлекеттің ортақ оқу орнын алдыңғы қатарлы университетке айналдыру үшін сапаны арттыру мәселесін баса айтты. Жас мамандардың біліктілігін арттыру, жаңа мамандықтар мен стоматология факультетін ашу туралы ұсыныс жасады.

Студенттер мен магистрант, докторанттарды қабылдау нәтижелері жайлы қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Е.Төлегенов хабардар етті.

Сенат «Қазақ филологиясы» кафедрасының атауын «Қазақ филологиясы және журналистика» атауына ауыстыруды, «Қоғаммен байланыс бөлімін» филология факультетінің құрамына беруді, Филология факультетіне қарасты «Әлем тілдері» кафедрасын «Жалпыакадемиялық ағылшын тілі» және «Әлем тілдері» кафедралары етіп екіге бөлу мәселесін мақұлдады.

Мұнымен қатар «Өзін-өзі тану» пәнін университеттің таңдау компонентіне енгізу, 1-курс студенттеріне арналған бір жылдық жұмыс жоспарын бекіту мәселелері де оң шешімін тапты.

Сенат мүшелері Дінтану ғылыми-зерттеу және талдау-сараптамалық және әдістемелік орталығын ашу ұсынысын Өкілетті Кеңестің құзыретіне беруге келісті.

Сенаттың шешімімен бірқатар оқытушылар профессор, қауымдастырылған профессор міндеттерін атқару қызметіне ауыстырылды. Оқытушы-профессорлар дайындаған оқу құралдары мен монографиялары баспаға ұсынылды.

**ЯУ-ақпарат**

# СТУДЕНТТЕР ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ

**Биылғы қабылдау комиссиясының жұмысы туралы жауапты хатшы Еділ Мейірбекұлы ТӨЛЕГЕНОВПЕН аз-кем әңгімелескен едік. Осы сұхбатты назарларыңызға ұсынып отырмыз.**

**Биылғы студент қатарына талапкерлерді қабылдау қалай аяқталғанын кеңінен баяндап берсеңіз?**

Үстеміздегі жылы мектеп, колледж бітіруші түлектерді университет мамандықтарына шақыруға бағытталған үгіт-насихат жұмыстары арнайы құрылған «Кәсіби бағдар» бөлімімен бірлесе отырып кең көлемде, яғни республика деңгейінде жүргізілді. Маусым айында «Ясауи университеті» газетінің кезекті шығарылымы талапкерлерге арналды.

*(Сұхбаттың жалғасы 2-бетте).*



**Жуырда «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің 25 студенті Астана қаласында өткен семинарға қатысып қайтты.**

***Бұл туралы материалды газетіміздің 2-бетінен оқи аласыздар.***

## Бұл Сіздің газет!



**Қадірлі оқытушы, студент!**

Біз Сіздер үшін университет тынысымен таныс болсын деп газет шығарып жатырмыз. Енді осы газетке сіздің де араласқаныңызды қалаймыз. Айналаңыздағы дүниеге көз салып, өзіңізді қызықтырар тақырыптар туралы, әріптестеріңіз бен достарыңыз жайлы мақалалар жазып берсеңіз деген тілегіміз бар. Тек ол жазғаныңызды жүздеген оқырманның оқитынын бір сәт те естен шығармағаныңыз жөн. Сол үшін сіз жұрт оқитын ең қызықты материал беруге ұмтылуыңыз керек. Жазғаныңыз ақ парақтың бір бетінен аспағанын қалаймыз.

# СТУДЕНТТЕР ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ

*(Басы 1-бетте)*

Университет туралы арнайы фоторепортаж, білім, ғылым, медицина, мәдениет, спорт саласындағы жетістіктер, елімізде және шет елде жоғары қызмет атқарып жүрген ең үздік түлектер туралы мақалалар жарияланды. «Тұран» баспаханасынан мектеп бітіруші түлектерге арналған «Талапкер-2016» арнайы газеті 2500 данамен, талапкерлерге арналған кітап, күнтізбе, факультеттердің және университеттің жеке буклеттері, кітапшалар, қаламсап, газеттер шығарылды.

15 ақпан мен 20 мамыр аралығында университетті таныту мақсатында Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстарында, 14-18 сәуір аралығында Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт, Сарыағаш, Мақтарал, Шардара, Созақ, Төлеби аудандары мен Шымкент қаласының жалпы білім беретін орта мектептерінде университетті таныту жұмыстары жүргізілді.

5545 мектеп оқушылары қатысқан III Республикалық «Ясауи» пәндік олимпиадасы өткізілді.

Халықаралық және республикалық «Ақберен», «Жарқын болашақ», «Қазақстан – ата жұртым, қасиетім – ана тілім», «Дінтану», «Дүниежүзі тарихы» олимпиадалары мен байқауларының жеңімпаздарына арнайы университет гранты тапсырылды.



2016 жылдың тамыз айының 9-нда Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде университетті таныту мақсатында материалдар жарияланды.

2016-2017 оқу жылына талапкерлерді қабылдау бойынша құрылған қабылдау комиссиясының құрамы университет президентінің 10.06.2016 жылғы №115 бұйрығымен бекітілді.

Қабылдау комиссиясы талапкерлерден құжат қабылдау жұмысын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 111 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары» негізіне 20.06.2016 жылы өз жұмысын бастады.

Кешенді тестке, мемлекеттік білім гранты конкурсына қатысу үшін қажетті шығармашылық емтихандарға байланысты ақпараттар, жалпы ережелер №2 оқу ғимараты алдындағы талапкерлерге арналған тақтайшаларға уақтылы жазылып ілінді. Факультеттер туралы жарнамалық материалдар 10 стендке орналыстырылды.

Кешенді тестілеу өтетін университеттің №2 оқу ғимаратынан 22 аудитория дайындалды. Барлық аудиторияларға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, бейнекамералар, ұялы телефон байланыстарын тұншықтырғыштар орналастырылды.

ҚР БҒМ өкілдері мен Мемлекеттік комиссия мүшелерінің қатысуымен талапкерлер оқу ғимаратына кіргізу алдында металіздегіш құралдары арқылы тексерілді.

19.07.2016 - 20.07.2016 күндері өткен кешенді тестілеуге 763 талапкер қатысты, 9 талапкер түрлі себептермен тестілеуге келмеді. Тест нәтижесі төмендегіше болды: ең төменгі балл – 9, ең жоғары балл – 83, орта балл – 35 құрайды.

Кешенді тестілеуді ұйымдастыру мен өткізу бойынша ҚР БҒМ өкілдерінің берген бағасы өте жоғары болды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7.12.2015 күнгі №682 бұйрығына сәйкес арнаулы емтиханға құжаттарды қабылдау 20 маусым мен 4 шілде аралықтарында жүзеге асырылды, арнаулы емтиханға барлығы 1816 талапкер өтініш тапсырып, емтиханнан өтті.

2016-2017 оқу жылында оқу ордамызды таңдап, құжат тапсырғандардың саны 1937 болды.

**Былтырғы жылдан ерекшелік қандай болды? Жаңалықтар бар ма?**

2016-2017 оқу жылының ерекшелігі педагогикалық мамандықты таңдаған талапкерлер міндетті түрде арнайы емтихан тапсырды. ҰБТ және кешенді емтиханнан тиісті 50 балды ала алмаған талапкерлер тамыз айында қайта тапсыру емтиханына кірді. Қайта тапсырудан өте алмаған талапкерлер шартты түрде жоғару оқу орнына қабылданды.

Бытырлығы оқу жылымен салыстырғанда ақылы негізде қабылданған студенттердің саны 220-ға артып отыр.

2016-2017 оқу жылы талапкерлерді қабылдау жоспары 1646 студент болатын. Жалпы, қабылданған студенттердің саны - 1661. Оның 330-ы ҚР гранты, 200-і түркі дүниесі грантын иеленді. 2016-2017 оқу жылына ақылы негізде 701, түркия гранты негізінде 433 студент қабылданды.

Биылғы жылы Қазақстан және Түркия гранттары бойынша докторантура, магистратура және резидентураға қабылданған талапкерлердің сандық көрсеткіші төмендегідей:

Грант негізінде 113, квота 35, ақылы негізде 9 білімгерлер қабылданды.

**Қабылдау комиссиясының есебі негізінде дайындаған: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА**

# 2017 ЖЫЛДАН БАСТАП ҰБТ ЕКІГЕ БӨЛІНЕДІ

**2017 жылдан бастап Ұлттық бірыңғай тестілеу мектептік және ЖОО болып екіге бөлінеді. Бүгін ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев осылай мәлім етті.**

«Ұлттық бірыңғай тестілеуді биыл 2 мәрте тапсыруға болады. Ешбір мемлекетте мұншалықты жоғары әлеуметтік бағаға ие емтихан жоқ шығар. Сондықтан, ҰБТ-ны қайта тапсыру әлеуметтік күйзелісті басуға мүмкіндік береді. Екіншіден, колледж түлектері де ҰБТ-ны қайта тапсыра алады. Қазір оны шілде-тамызда тапсырып жүр, енді біз оларға оны келесі жылдың қаңтарында - 2017 жылы қайта тапсыруға мүмкіндік береміз», - деді министр. Оның айтуынша, колледж түлегі шартты түрде жоғары оқу орнына қабылдануға құқылы болады.

«Қазір біз осындай ережелерді дайындап жатырмыз және ЖОО аясында қаңтарға арналған кешенді тестілеу әзірленуде. Егер ол осы кешенді тестілеуден өтсе, сәйкесінше оның қыркүйектен бастап қаңтарға дейін өткен кредиттері, оған есептеліп, былайша айтқанда ол бірінші курстың ортасына түседі, және мұны біз әділетті деп есептейміз», - деді Е. Сағадиев.

Министр сондай-ақ келесі жылдан бастап Ұлттық бірыңғай тестілеуді екіге бөлу жоспарланғанын атап өтті. «Мектеп бітіру емтихандары мектепке оралады, ал ҰБТ SIT (интеграциялық тесттер (System Integration Test) қарай ауысады. Бұл әділетті, себебі ЖОО-лары түлектің зияткерлік деңгейі мен ЖОО бағдарламасын меңгеру әлеуетін білуі қажет. Ал SIT мұны анықтай алады. Сол себепті біз ҰБТ-нің жаңа бағдарламасын әзірлеп жатырмыз. Оны енгізген соң барлығы, олимпиада жүлдегерлері, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің түлектері - бәрі осы емтиханды тапсырады. Алғаш рет оны тегін тапсыру жоспарлануда. Сосын оны бірнеше рет қайта тапсыруға болады. Кезең-кезеңмен ЭЫДҰ стандарттарына көшеміз. Мұны келесі жылдан бастап енгіземіз», - деді ведомство басшысы.

# ІЗГІЛІККЕ ТОЛЫ КЕЗДЕСУ

**Жуырда Тұңғыш Елбасы кітапханасында өткен «Әлемді өзгертетін идеялар» семинарына «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің 25 студенті қатысып қайтты. Оларды оқу-әдістемелік департаменті директорының орынбасары М.Мырзахметов бастап барды.**

Студенттеріміз еліміз үшін дамудың даңғыл жолын салған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарымен жан-жақты танысты. Семинар-тренинг соңында дөңгелек стол ұйымдастырылып, әрбір тақырып бойынша топтар арасында пікірталас өткізілді. Астанадағы опера балет театрын, Елбасы мұражайын аралауға арнайы көлік бөлініп студенттерімізді қаламен таныстырды. Семинардың соңғы күні қорытындыланып, кітапхана директорының атқарушы директоры құттықтау сөз сөйлеп, студенттерімізге сертификаттар мен естелік кітаптар тапсырды. Ағылшынша, түрікше сөз сөйлеген студентерімізді Астанаға жұмысқа шақырды. Университетіміздің президенті У. Әбдібековке оқу ордамызда көптілді студенттерді тәрбиелегені үшін алғысын білдіріп, сертификат пен Елбасы кітабын тапсыруымызды аманаттады.

– Семинардың арқасында екі күн ішінде бірталай пайдалы ақпаратты түртіп алдық. Оның барлығымен өзіміздің университеттегі студенттерімізбен бөлісіп, арнайы семинар ұйымдастырамыз. Себебі болашақта жұмысқа орналасқан кезде мемлекетіміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік бағыт-бағдарын білуіміз қажет, – дейді Халықаралық қатынастар мамандығының 2-курс студенті Дияс Берікбаев. Жаңа біліммен қаруланған студенттеріміз ерекше ықыласпен қалаға көңілді оралды.

«Жетімді көрсең, жебей жүр». Бұл бүгінде Досбол Ахметжанов үшін таңсық емес. 31 жастағы жігіттің ізгі ісі – өнеге. Белсенді азамат қайырымдылық қордың негізін қалап, еліміздегі балалар үйлеріне жәрдемдеседі. Ол өзінің қызметі, өмірлік ұстанымдары жайлы «Әлемді өзгертетін идеялар» семинарының тыңдаушыларымен сыр бөлісті.

– 2011 жылы «Құрбан айт» кезінде балалар үйлеріне ет таратып, қайырымдылық қорын құру қажет деген ойға келдім. Бастапқыда бойымды үрей билегені шындық. Себебі маған тәрбиеленушілермен жұмыс жасаудың тәжірибесі таңсық болатын. Психологиялық білімнен де кенде болып, әке атанып үлгерген жоқ едім. Десек те 5 жыл ішінде «Балапандар» жобасы аясында балалар үйлеріне қолғабыс етілуде. Апта сайын тәрбиеленушілермен жүздесіп, танымдық, мәдени әрі спорттық шаралар ұйымдастырылады. Өмірде басты 5 мақсатым бар. Олардың бірі – еліміздегі жетімдер үйін жабу. Бүгінде олардың саны 30 мыңға жуықтап отыр, – дейді «Қайырымды жүректер қаласы» қорының директоры Досбол Ахметжанов.

**С. МҰХАНОВ,**
**Әлеуметтік ғылымдар факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

# МЕНІҢ ОН ТОҒЫЗЫНШЫ КӨКТЕМІМ

**Жастық шақта ойнап, күле де білу керек деген мағынасыз ой санаға сақталып қалған. Сол бір кішкене түсінік мені де, айналамдағы барша жастарды да тұңғиық бір қараңғылыққа жетелеп бара жатқан секілді.**

Бала кездегі асқақ армандарым мен ата-анама берген уәделерімнің алдында ұялатындай хәлде жүрмін.

Сүрінген сәттерді Құдай жазған тағдыр деп қана білеміз. Өзіндік қате екенін мойындаудан да қорқамыз...

Біз кімбіз? Кімге керекпіз? Кімге жәрдем етіп, кімге пайдамыз тиіп жатыр? Бізді қоршаған қоғам үшін біз не істеп жүрміз? Санамды билеген сан сұрақтар жетерлік. Алайда, біріне де нақты жауап бере алмайтынымыз өкінішті. Пайдамыз тимесе тимесін, зиянымыз тиіп кетпесе болды деген қағиданы санамызға сіңіріп алғанбыз. Ісіміздің дұрысын да, бұрысын да уақыт көрсете жатар. Бастысы, әзірге қара жердің үстіндеміз...

Тірі жан тіршілігін жасайды. Қаптап қаржы таппаса да, күнделікті жеп-ішер қара наны мен қара суына тиын-тебенін табар. Алайда, одан да ары қарай ұмтылып, жаңа бір белестерді бағындырғысы келетіндер аз. Себебі, қазақ «осыған да шүкір» деген түсінікке үйреніп қалған. Аллаға шүкір ету барша адамзаттың ең асыл қасиеттерінің бірі. Дегенмен де, алға ұмтылуды, жетістікке жетуді бұл шүкіршілікпен шатыстырудың қажеті жоқ. Ендеше, нүкте қойып, әр күнді жаңа жолдан бастай бергенше, үтір арқылы жағымды істерді жалғай білейік...

Менің он тоғызыншы көктемім.

Найзағайдың жарқылындай ғана өте шыққан он тоғыз жыл. Білерімнен білмейтінім көп. Ұмтылыс бар, нәтиже жоқ. Телефонның құрсауында өткен минуттар мен сағаттар, күндер мен жылдарым... Құдай сыйлаған уақыттың қадірін жоғалтып, өмірдің маңызы жайлы ойлануға мүмкіндік қалмаған сыңайлы. Таңның сәрісі атса болды сол қарғыс атқыр телефонды қапсыра құшақтап, әлгі әлуметтік желілерді бірінен соң бірін аша бастаймыз. Осы іс-әрекетіміз телефонның қуаты таусылып, қалың жұрт ұйқыға кеткенше жалғаса береді. Бірақ, бұл әрекетімізден кім пайда тауып отыр, кім зиян шегіп отыр? Жауабы айқын. Бірақ шындықты мойындағымыз келмейтіні тағы бар.

Әкем ылғи айта беруші еді. Бүкіл әлем танитын Абайдың өзі неге ғылым мен ілімнің барын ертерек білмедім деп өкініп кеткен. «Болмасаң да ұқсап бақ» дейді емес пе? Ендеше алға қарай ұмтылу үшін осы бір сөздердің өзі жеткілікті.

**Едіге ӘЛШЕН,**
**2-курс студенті**

## ӨЗГЕ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Британдық Оксфорд университеті тұңғыш рет әлемдегі үздік ЖОО-лар рейтингінде көш бастады. Англияда жарық көретін Times Higher Education (THE, «Таймс хайер эдьюкейшн») журналында басылған тізімде осы жаһандық зерттеу қорытындысы жарияланып келе жатқан соңғы 12 жыл ішінде АҚШ бірінші рет THE World University Rankings 2016-17 нәтижесі бойынша үздік ЖОО-лар рейтингінің басынан сырғыды, деп жазады ТАСС.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Е.Сағадиевтің №523 бұйрығымен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында 2016 жылғы 1 қыркүйектен бастап жаңа алты мамандық ашылды: «Химия-биология», «Математика-физика», «Математика-информатика», «Физика-информатика», «География-тарих», «Тарих-дінтану».

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті әлемдік білім нарығында бәсекеге қабілетті екендігін тағы да дәлелдеп, әлемдегі үздік 900 университет арасында 345-орынға көтерілді. Бұл әлемнің 4322 ЖОО арасындағы бәсекеде қол жеткізетін орны, яғни бұл Қазақстан мен Орта Азияны былай қойғанда, ТМД елдері ЖОО-лары арасында озық жетістік болып саналады.

Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті халықаралық рейтингте кезекті сатыға көтеріліп, Орталық Азия аймағы мен Қазақстан жоғары оқу орындары арасында алғашқы болып әлемнің 250 үздік университеті қатарына енді.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде тұңғыш рет Студенттерге қызмет көрсету орталығы (СҚКО) ашылды. Бұл туралы аталған білім ордасының баспасөз қызметінен хабарлады.

*ҚазАқпарат*

## ОҚУ ОРДАМЫЗДА

**ХҚТУ студенттері ЭКСПО-2017 көрмесіне ат салысады. «Ontustik tourism center» Туристік ақпараттық орталығының туризм саласын дамыту бойынша бас маманы Төрәлі Сыздықов университетіміздің белсенді студенттерімен кездесті.**

ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін өткізу мақсатында 3000-ға жуық еріктілер жұмылдыру жоспарланған. Соған орай, қала әкімдігі мен оқу орда арасында «Қолөнер және туризмді дамытуды жүзеге асыру бағытындағы ынтымақтастық» меморандум шеңберінде университет студенттерімен кездесу өтіп, ЭКСПО-2017 көрмесі кезеңінде қаламызда, Астанада көрме қонақтарына қызмет көрсету жұмыстарына еріктілер іріктелген болатын. ХҚТУ-дің 85 студенті іріктеудің 2 кезеңінен де сәтті өтті. Тіркелген еріктілер ЭКСПО-2017 көрмесіне дейін тәжірибеден өтеді. Қабілеттеріне қарай аудармашы, гид-таныстырушы, ұйымдастырушы сияқты әр салаға бөлінеді. Әр ерікті студентке көрмеге қатысу орасан зор пайдасы бар мүмкіндік. Еріктілер қатарында белсенді, нәтижелі жұмыс атқарған азаматтар міндетті түрде қала әкімдігі тарапынан марапатталады. Қала әкімдігінің «Кәсіпкерлік және туризм» бөлімінен еріктілерге бөлінген салалары бойынша, атқарылған жұмыстары және жинаған тәжірибесі туралы сертификат тапсырылатын болады.

**Динара МЫҢБАЕВА**

**Университетіміздің әр факультетінде студенттердің өзін - өзі басқаруына және қоғамдық өмірге белсене араласуына қызмет ететін студенттік тәрбие кеңесі бар. Студенттік тәрбие кеңесінің мүшелері білімгерлер үшін түрлі іс-шаралар жүргізіп, студенттік шақтарын қызықтыра түсуде.**

Мұндай ұйымдар тек қана Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлем бойынша кең өріс алған. Ең танымалдары АҚШ пен Еуропада. Ондағы бірлестіктер тек оқу мерзімін ғана қамтымайды екен. Оқу бітірген студенттерге сондай бірлестіктердің мүмкіндіктерін өзінің болашақ қызмет бабында қолданады. Ұйымдардың мүшелері бірін-бірі қолдап, басты мәселелерін шешуге де қол ұшын созады.

Филология факультетінің студенттік кеңесі де белсенді жұмыс атқарып жүр. Өткен аптада фаультеттің белсенді ізденімпаздары декан Н.Айтбаевамен кездесті. Студенттік тәрбие кеңесінің мүшелері өз жұмыстарына есеп беріп, жаңа оқу жылына жаңа тапсырмалар алды. Енді осы 2016-2017 оқу жылында студенттік декан және оның белсенді студенттерден құралған тобы факультеттің абыройын асқақтата түсуге, жаңа белестерді бағындыруға толықтай кіріспек.

**Сымбат АЛИЕВА, 3-курс студенті**

**Түркістан қаласының Есімхан алаңында ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығының аясында тілдер мерекесіне орай "Мәңгілік елдің мәңгілік тілі" атты мерекелік іс-шара өтті.**

Жиында Түркістан қаласының өнерпаздары мен университеттің студенттері ән мен жырдан шашу шашты. Түркістан қаласы әкімінің орынбасары Ғани Рысбеков мерекенің шымылдығын ашып берді. Түркістан қалалық «Қазақ тілі» қоғамының басшысы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Мұсахан Дүйсекеев мерекелік іс-шараның қонағы болды.

Игі ізденістер мен кемел ұмтылыстарға толы тәуелсіздік жылдарында тілдің мәртебесін көтеретін іс-шаралар көптеп жүргізілуде. Қаламызда қазақ тілін дамытуға атсалысып жүрген тіл жанашырлары марапатталды. Өткізілген игі істер жоғарғы деңгейде өтті. Тіл - халықтың жаны, жүрегі. Тілімізді қадірлейтін жастарымыз көбейсін.

**Айкен ЖАҚЫП, 1-курс студенті**

# КӘСІПОДАҚ ҚҰҚЫМЫЗДЫ ҚОРҒАЙ АЛА МА?



**Университет оқытушылары мен қызметкерлері кәсіподақ комитетінің жұмысымен жақсы таныс. Соған қарамастан құрылым төрағасы Алтынбек КЕНЖАЛИЕВКЕ жолығып, сұхбаттасуды жөн деп таптық.**

***Кәсіподақ жұмысын еске алғанда алдымен біздің көз алдымызға жаңа жылдық сыйлықтар мен жолдамалар елестейді. Кәсіподақтың атқаратын басқа да негізгі міндеттерін айтып өтсеңіз.***

Жаңа жылғы сыйлық пен жолдама - көзге көрінетін жұмыстар. Ал, жыл он екі ай көзге көрінбейтін, еңбек құқықтарын қорғау, материалдық көмек көрсету, қайырымдылық жұмыстары сияқты шаруалар шаш етектен. Материалдық көмек көрсетілуі үшін алдымен бірінші басшылардың біріне ұсыныс хат түсуі тиіс. Кәсіподақ комитетінде университет ұжымынан құрылған 15 адамнан тұратын комиссия бар. Барлық шағым-өтініштер алдымен осы комиссияның талқысынан өтеді. Зейнет жасына жеткен университет қызметкерлері мен жұмысшыларына шапан жауып, гүл сыйлаймыз. Мерейтойларда құрмет көрсетуді әйел адамдарына 50 жастан бастаймыз. Өйткені 58 жаста зейнетке шығады ғой. Ер азаматтарға мұндай құрмет 60 жастан басталады. Жылда ардагер оқытушы-қызметкерлерімізге жазда екі ай бойы тегін қымыз беріледі. Биыл қымыз ішушілердің саны 130-ға жетті.

Кәсіподақ мүшелерінің бірі қайтыс болған жағдайда бір реттік 75 мың теңге көлемінде көмек көрсетіледі. Жергілікті «Түркістан» газетіне азанамалар жариялаймыз. Ұжым мүшелерінің бірі ауыр науқастанып қалған жағдайда да науқасын анықтайтын құжаттарын көрсетіп, өтініштер түсіп жатады. Оларға 10-30 мың теңге аралығында көмек көрсетіледі. Соңғы уақытта Түркістан аумағында онкологиялық аурулар, әсіресе әйел адамдарының арасында, көбейіп кетті. Бұл жағдайда материалдық көмекті біршама көбейтеміз. Төтенше жағдайларда да солай. Мысалы, шатырын жел ұшырып, үйі өртеніп кететін жағдайлар кездеседі. Қандай да бір материалдық көмек көрсетерде негіз болғанын қалаймыз.

Оқытушы-қызметкерлер арасында өткізілетін «Қалқатайдың дауысы-ай» атты ән байқауы бар. Қазір ол байқау «Тұран дауысы» деп өзгертілді.Бұл шараны продюсерлік орталық ұйымдастырады. Сол ән байқауының сыйлықтарына да толықтай кәсіподақ қоржынынан қаржы бөлінеді.

Бұдан бөлек Наурыз мерекесінде «үздік декан», «үздік ғимарат» тағы басқа түрлі номинациялар бойынша жеңімпаздарға сыйлықтар беріледі. Мысалы, мейірбекелер күнінде арнайы ұсыныс түсті. Үздік деп танылған мейірбекелерге сыйлығымызды бердік. Біз ешқандай жеңімпазды немесе кімді марапаттау керектігін анықтамаймыз. Оны әр ұжымның шешімі бойынша анықталған тиісті адамға ұсынамыз. Университетке ғалымдар, қоғам қайраткерлері келеді. Сол кісілерге де сыйсияпаттарын жасап отырамыз. Жыл сайын оқытушы-профессорлар арасында дәстүрлі спорттық спартакиадалар өтеді, мұны да бағалы сыйлықтармен қамтамасыз етіп отырамыз.

***Айтуыңызға қарағанда университеттің бірқатар іс-шараларына сіздер қаржы бөлетін болдыңыздар ғой?***

Жоқ, барлығына емес. Кәсіподаққа қызмет хатпен немесе ұсыныспен келген жағдайда ғана. Ол Комитет мүшелерінің жиналысында талқыланып, қаржы мөлшерін анықтап барып бөлінеді.

***Жылда жаз айында демалыс орындарына жолдамалар бөлініп жатады. Ол жолдаманы кімдер ала алады? Жолдаманы алуға қай кезден бастап өтініш беруге болады?***

Наурыз, сәуір айларында жоспар бойынша жолдамаға тапсырыстар береміз. Содан кейін адам санына байланысты оны факультеттерге бөлеміз. Оқытушы-профессорлар жаз айларында демалатындықтан, жолдамалар осы уақытқа алынады. Сарағаш, Жаңақорған, Мерке, Манкент, осы төрт шипажайға жолдамалар бөлінеді. Көкшетау, Бурабайдағы шипажайларға жолдама алмайтын себебіміз, өте қымбат. Факультеттегі кәсіподақ ұйымының төрағаларына (төрайымдарына) қанша жолдама бөлінгенін алдын ала хабарлаймыз. Соңғы үш жылда бармаған адамдарға бөлінсін деп ескертеміз. Факультеттің жалпы жиналысында шешім қабылданған хаттаманы олар бізге тапсырады. Сол хаттамада көрсетілген тізім бойынша жолдама беріледі. Қазіргі таңда шаруашылық басқармасы мен клиника қызметкерлеріне қыркүйек, қазан, қараша айларына жолдама алынып қойды. Жылына 155-165 шипажайларға жолдама беріледі. Жолдама бөлінбей қалған кейбір кісілер бізбен келіседі. Өз ақшасымен барып дем алып келсе, бөлгілі бір бөлігін өтеп беру туралы ұсыныстар айтылады. Түбіртегін алып келсе, қаржысын екі-үш айда өтеп береміз. Ескертетін жәйт, алдын-ала келісіп, өтініш жазып кетуі керек. Жолдаманы алып, бірақ бара алмай қалып, оны қайтарып жататындар да бар. Сондай жағдайларда оны жеке өтініш жасағандарға береміз.

***Жұмыс беруші мен қызметшілер арасындағы қарым-қатынасты реттеп отыруда кәсіподақтың рөлі айрықша. Біздің университетте сондай дауларға араласып, жұмысшының мүддесін қорғаған жағдайлар болды ма?***

Еңбек құқықтарын қорғау мәселесі бойынша былтырғы оқу жылы университет қызметкерлерінен 11 шағым түсті. Шағымдар университет басшысының алдында қаралды. Бұл мәселелер оң шешімін тапты. Ешқандай қызметкерлер мен жұмысшылар жұмыстан шығарылмады. Қандай шағым болмасын мүмкіндігінше сотқа жеткізбей, университеттің ішінде қарап, бітістіріп жіберуге тырысамыз.

Заң талаптарына сәйкес қызметкерге немесе жұмысшыға әкімшілік шара қолданатын болса, кәсіподақтан келісім сұрайды. Университет заңгерлері қолданатын шара заңды түрде болып жатыр деп қол қойған жағдайда ғана біз де келісеміз.

***Кәсіподақ комитеті өз мүшелерінің отбасыларына да көмек көрсетеді делінген. Нақты қандай көмек көрсеттіңіздер?***

Былтырға оқу жылының ішінде кәсіподаққа мүше бірнеше адам қайтыс болды. Сол кісілердің отбасына 75 мың теңгеден көмек берілді.Туған-туыстары қайтыс болған жағдайда ұжымның және кәсіподақ комитетінің атынан көңіл айтып азанамалар жариялаймыз. Оқытушымыз Еркебұлан Нұсқабаевтың қайтыс болғанына екі жыл толды. Жеті баласы бар. Сол кісінің әйелі көмек сұрай келді. Мектепке киім алуға көмек көрсеттік.

***Жасыратыны жоқ, шетелдерде кәсіподақтар жұмысшы мүддесін қорғайтын негізгі құрылым екені белгілі. Ал, біздің елдегі кәсіподақтың жұмысын қалай сипаттар едіңіз?***

Кәсіподақ 2003 жылдан бері қоғамдық бірлестік ретінде тәуелсіз болатын. Кәсіподақтар туралы заң оған мүмкіндік беретін. 2014 жылы заң қайта қабылданды. 2015 жылдан бері біз облыстық білім саласындағы кәсіподақ федерациясының құрамына ендік. Енді тәуелсіз емеспіз. Құқықтық мәртебеміз өзгерді. Қаржы қорын кәсіподақ мүшелерінің бір пайыздық жарнасы құрайды. Соның 12 пайызын ай сайын жарнаға аударамыз.

***Әлеуметтік желілерде жұмыс берушінің үстіне шағымдар көптеп жазылады. Неліктен сол шағымдарын кәсіподаққа барып айтпайды. Бұл кәсіподақтың маңызын түсінбеу ме, әлде кәсіподаққа сенбей ме?***

Бізге шағымданушылар көп келеді. Жеке арызбен келетіндер де бар. Мүмкіндігінше толық қанағаттандыруға тырысамыз. Студент жастарға өз кәсіподақтарыңды құрып алыңдар деп ұсыныс тастағанбыз. Жастар жағынан еш қолдау болмай тұр. Соған қарағанда жастар кәсіподақтың мәнін түсінбесе керек.

***Әңгімелескен Э.АРТЫҚБАЕВА***

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ - 25 ЖЫЛ

# БІРЛІГІ БЕКЕМ БІЛІМ ОРДАСЫ

***Шаһар шырайын арттырған сәулетті университетіміз, бүгінде еліміздің бәсі биік білім ошақтарының бірі. Тәуелсіздікпен тұспа-тұс тамыр жайған білім ордасы еңселі еліміздегі тұңғыш халықаралық университет екендігі әмбеге аян. Киелі мекен төрінде қоныс тепкен ордалы оқу орнында әлемнің 17 мемлекетінен келген 29 ұлт пен ұлыс өкілдері білім алуда. Құшағын түркі жұртының жастарына толтырған жоғары оқу орнымыз бірлік пен берекенің тоғысқан ошағы болып отыр. Сан тараптан ағылған студенттер санының жиілеуі білім деңгейінің жоғарылығын аңғартса керек-ті. Туған жердің топырағын тастап, Қазақстанға ат басын бұрған жастардың университетімізге айтар алғысы мол.***

## БЕЙБІТ КҮНДЕ ТІРШІЛІК ЕТЕТІНІМІЗ ҚАНДАЙ БАҚЫТ!

**Қазақстан – ата-бабалардың асқақ арманы болған еркіндікке ие егемен ел. Ел еңсесі биік, тұғырлы, байрақ көк аспанда желбіреп тұр. Даңқты елге айналу жолындамыз. Бүгінде Тәуелсіз ел атанғанымызға табаны күректей 25 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде жеткен жетістіктеріміз, иеленген табыстарымыз ауыз толтырып айтарлықтай десек те болады. Әлемге ақырындап жақсы жақтарымыздан танылып жатырмыз.**

Қазақстанның басқа мемлекеттерден өзгешелігі - көп ұлтты екендігі баршаға белгілі. Мемлекет басшысы бір ту астына әр түрлі ұлт өкілдерін жиыстыра білді. Барлығы тату-тәтті, достық қарым-қатынаста, береке-бірлікте өмір сүріп жатырмыз. Қасиетті қазақ топырағын мекендеген өзге ұлттарға қазақ халқы қонақжайлылық көрсетуден кем қалмады. Оларға көмек көрсетуден, сұрағына жауап қайтарудан бас тартпады. Қолдан келгенше көмек көрсетуде. Үйге келе қалса, бар дәмдіні алдарына тосып, сыйлап жібереді. Осындай ілтипаттылыққа талайы дән риза болса керек. Халқымыз оларды бөліп-жармай, жатырқау мінез де танытпаған. Керісінше бауырлас болуға, жүзбе жүз келгенде аманшылық сұрасуға тырысып жүр. Осының барлығы Елбасының кемел ойының жемісі шығар.

Мен киелі қала, рухани астана - Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атыдағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде оқып жатырмын. Университетте әр түрлі 20-дан астам мемлекеттен келген түрлі ұлттың ұл-қыздары оқып жатыр. Біз бір университет шаңырағындамыз. Екі елдің бірлесуімен басқарылып отырған білім ордасы бәрімізге ортақ. Студенттер арасында ешқандай керісушілік, жанжалдық, қақтығыстық іс-әрекеттер жоқ сияқты. Студенттерден сыпайылық, жарасымдылық, бірлік қарым-қатынастары байқалады. Танысып-біліскен шетелдік студенттерден кішіпейілділік пен қарапайымдылықты көрдім. Осылай жалғасып кете берсе екен деймін. Бәрінің мақсат бір. Өз мамандықтарының білікті маманы болып шығу. Осы мақсатқа жетер жолда ешқандай, болмашы кедергілердің туындағанын ешкім де қаламайды. Дұрыс деп саналмайтын іс-әрекеттерден бойымызды аулақ ұстаған жөн сияқты. Керегі – сыйластық пен ауызбіршілік. Сонда ғана біз университетіміздің ұлы абыройының, ұлы есімінің төмендеуіне жол бермейміз. Қазақ елінің ана тіліне, салт-дәстүріне, ұлттық құндылықтарына жақсы көзбен , құрметпен қарайтын студенттерге ризашылығым мол. Біз де оларға қолымыздан келгенше қонақжай, досшыл халық екендігімізді таныта аламыз деген үміттемін. Осы тұрғыдан қарағанда, бізде нағыз достық мекені екендігімізді тағы да дәлелдеуге үлкен мүмкіндік бар. Олар біздің Қазақстанды ұнатып, жақсы естеліктермен есте сақтап қалады деген ойдамын. Бейбіт күнде тіршілік еткенімізге бәріміз де қуанамыз. Елбасымыз: «Көп ұлтты ел болуымыз - біздің байлығымыз, мақтанышымыз» дейді. Яғни, көп ұлттылығымызды мақтаныш санап, байлыққа теңейді. Шындығында, көп ұлтты болғандығымыздан еш зиян көріп жатқанымыз жоқ. Осы көп ұлттылығымыз өркендеуімізге септігін тигізуде. Елбасы енді бірде: «Үдеудің сыры - бірлікте, жүдеудің сыры - алауыздықта» деген болатын. Бірлік, ынтымақ бар жерде қандай істің болмасын нәтижесі ойдағыдай шығады.



**Ғайнижамал АРЫСТАНБЕК,**
**1-курс студенті**



- Мен өз мекенімнен жыраққа жол жүрерімде жүрегімді толқыныс билегенін жасырмаймын. Алайда, өз оқу орнымды көрген сәтте, ол сезімдер кері кетті. Жақын достар тауып, киелі қалаға аз уақытта-ақ бой үйренісіп кеттім. Жаны жайсаң түрлі ұлт өкілдерін жолықтырып, бірнеше тілді меңгеріп те алдым. Біздің университетімізде өзге елмен тәжірибе алмасуға бағытталған түрлі бағдарламалар жұмыс істейді. Соның бірі, Мевлана бағдарламасы. Шет елде оқуға жолдама беру оқу орнымыздың бірден-бір артықшылығы деп ойлаймын. Сонымен қатар, түрік квотасы деп аталатын жеңілдіктер де жыл сайын өткізіліп тұрады. Ғылыми кітапханамыз бүгінде мыңдаған студентке қызмет көрсету үстінде.

***Малика Абипова, Өзбекстан***

- «Халықаралық қазақ түрік университеті», Қазақстанның тарихи және көне шаһары саналатын Түркістан қаласында қоныс тепкен. Түркістан қазақ елінің ғана емес, барлық түркі тілдес халықтардың мәдениет ошағы болып саналады. Себебі, бұл мекенде атақты ғалым Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрді. Оның еңбектері әлі күнге дейін ислам тарихында зор маңызға ие. Бұл менің осында білім алуыма түрткі болған ең ірі себептердің бірі еді. Екіншіден, бұл жерде өзіміздің кәсіппен ғана шектеліп қоймай, басқа да түрік тілдес мемлекеттерден келген бауырларымыздың мәдениетін, тарихы мен салт-дәстүрін жақынырақ біліп, танысатындығымыз болды. Бұл біздің келешекте білікті маман болып қалыптасуымызға зор ықпалын тигізері сөзсіз.



***Руслан Элчибаев, Қырғызстан***

- Менің бұл университетке келудегі басты мақсатым - түркі халықтарының салт-дәстүрімен, әдет-ғұрыптарымен және мәдениет ошақтарымен толыққанды танысу болды. Қазақстанның кең даласын көру және ақ жарқын халқымен танысу мені әркез қызықтырып келді. Түріктердің тарихи және рухани астанасы саналатын Түркістан қаласын көру мен үшін де үлкен арман еді. ХҚТУ-нің арқасында қонақжай халықтың тұрмыс-тіршілігімен таныстым және жоғары білім алып шығуға қол жеткіздім.



***Али Демироглы, Молдавия***

- Менің Ахмет Ясауи университетін таңдаған себебім, қос елдің достастығына құрылған «халықаралық» университет болып танылғандығы еді. Сонымен қатар, бірнеше тілде дәріс жүргізіп, студенттердің білім аясын арттырудағы озық жүйесі менің осында білім алуыма себепші болды. Ұлы ойшыл Ясауидің ілімінен бастау алған киелі шаһарда білім алу маған әркез рухани азық сыйлап келеді. Терең білім, кең пейіл достар, қызығылықты сәттер сыйлаған білім ордама айтар алғысым мол. Бұл университеттің студенті болғанымды әркез мақтаныш тұтамын.



***Рамазан Караман, Түркия***

Түркі жастарымен сырласып, бетті дайындаған: 3-курс студенті
**Арайлым ТАСТЕМІР**

## ОҚУ ОРДАМЫЗҒА - 25 ЖЫЛ

# АУДИТОРИЯ
Студенттер беті

## САҒЫМ БОЛҒАН САРЫАУЫЗ БАЛАПАН ШАҚ

**Қоңыр күздің алғашқы айы тосын сәттерді тарту еткен-ді. Мен ол кезде балалықтың босағасынан енді аттаған балауса қыз едім. Алтын ұядан алып арманды арқалап, университет табалдырығын аттаған тәтті күндерім әлі күнге дейін көз алдымда көлбеңдейді. Қаршадайдан қалыптасып үлгерген асыл армандарым мына мені ақпараттың айдыны саналатын – журналистиканың жағалауына алып келді.**

Өмірімнің жаңа арнасын киелі шаһар төрінде бастауым, бұл өмір жолымдағы ең ұлы бастамалардың бірі болатын. Қос мемлекеттің білім кеніне айналған – ХҚТУ-іне табан тіреп, көп ұзамай студенттік өмірдің бал шырынды күндерін бастан кешірдім. Қызығы мен қиындығы қатар жүретін алғашқы курс ғажайып сәттерге толы болды. Жаңа орта мен бейтаныс жандарға бой үйренбей, туған жер төскейін сағынған сағым сәттер көп болды. Тұла бойды тұмшалаған толқыныс пен құлшыныс сезімі көпке дейін көңілден сейілмеді. Әйтсе де, алдыңғы буын аға-әпкелеріміздің бізге танытқан жылы шырайы жанымызды жадырата түскендігін жасырмаймын. Еркіндік әлемі есік ашып, билік тізгіні өз қолыңа тиетін алғашқы студенттік күндер керемет естеліктерімен есте қалды. Әсіресе, «ҰБТ-дан қанша балл жинадың?», «Қай жерден келдің?», «Грантта оқисың ба?» деген сан сауалдар сан тараптан қойылушы еді. Одан бөлек, аудитория әлегі біраз әбігерге түсіретін. Сабақ кестесінде көрсетілген аудиторияны таппай, бүкіл корпус ішін кезіп кетуші едік. Тіпті, алғашқы күні мынандай қызық жайтқа тап болдық. Қатарынан үш дәрісіміз тапжылмастан бір аудиторияда өткен-ді. Келесі дәріс ағылшын тілі деп жазылыпты. Қоңырау ішке соғылып, келесі сабақ басталып та кетті. Алғаш кіретін оқытушымызды ары күтіп, бері күтіп болмаған соң, өз ісімізбен айналысып кеттік. Араға он-он бес минут салып, ішке келісті келіншек кіріп келді де, апайымыздың бізді күтіп отырғандығын жеткізді. Айтылған аудиторияға алып-ұшып кіріп келсек, апайымыздың өңі әбден сұрланып кетіпті. «Қайда жүрсіңдер», - деп ызалы үнмен тіл қатқаны сол еді, мына мен мән жайды түсіндірмек болып: «Біз сізді өзіміздің аудиториямызда күттік», - деп ақтала жөнелдім. Кейін аңғардық, студенттер көшпелі қазақтың күйін кешеді екен. Ал біз болсақ, жыл бойы бір сыныпта оқитын мектеп жүйесіне еріксіз еніп кетіппіз. Осылайша атынан ат үркитін ағылшын тілі апайымыздан (Римма Тәукебаева) алғашқы күні-ақ, сөз естігеніміз бар-тын. Ол кездері оқуға деген құлшыныс, бағаға деген талпыныс жоғары болғаны сонша, сабақтан қалушылар саны да ара-кідік болатын. Жүйітки жөнелген лекцияны үлгеріп жазу, сөз жоқ, қолды қуатынан айыратын. Ұзын-сонар лекция мен көп бетті конспектіні үтір-нүктесіне дейін қалдырмай жазуға тырысып бағатынбыз. Бір анығы, пәк пейіл, кіршіксіз көңіл, аңғалдық пен адалдық атаулы әрбір жас буынның болмысынан анық аңғарылып тұратын. Жайы бар жатахана, қоры мол кітапхана, жаны жайсаң жолдастар, аш құрсақ күндер, ұйқысыз түндер сыйлаған 1 курстың біз үшін қашанда құны қымбат. Жоғары курстың «балмұздақ», «перваш» деген тәтті теңеулерін тоғыз ай иемденіп, алтын уақыттың қалай зулай жөнелгенін аңғармай да қалыппыз. Енді-міне, үкілеген ақ үміттің іске асар шағы үшінші курсқа да қадам бастық. Арманымыз асқақ, мақсатымыз айқын. Әйтсе де, балаң үмітімен баураған, тәтті арманынан талмаған сарыауыз балапан шақтың өзге жылдан орны бөлек. Балдай тәтті балғын күндеріміз, артымыздан қол бұлғап қала берері хақ.

**Арайлым ТАСТЕМІР,**
**3-курс студенті**

## СТУДЕНТТІК ШАҚ

**Студенттік шақ - адам өміріндегі баға жетпес ең бағалы кезеңі. Нағыз өмірдің үлкен белесі, бастауы десек те болады. Барлығымыз да осы сәтті асыға күтеміз. Мектеп табалдырығын тезірек аяқтап, үлкен өмірге қадам басуды армандайтынымыз да бар.**

Студент болудың да ерекшелігі бар. Себебі, біз осы сәттен бастап жеке тұлға ретінде өзімізге жауапты болуды үйренеміз.

Студенттік өмірдің қызығы да жетерлік. Мәселен, жатақханада күндеп емес, аптылап аш қалған студентті кездестіру қиын емес. Бұл қиыншылықты үйде тұратын жергілікті студенттердің сезінбесі анық Өйткені мен де мұндайды басымнан өткерген емеспін. Алайда, мұны зерттеу барысында достарымның қиын кезеңдерін естіп, көңілімнің түскені жасырын емес. Киелі қалада азық-түліктің арзан болғанына қарамастан студент қалтасының таяздығы анық байқалады. Мұнда қарны тоқ жүрмеген студент, алып шаһарда қалай күн көреді екен?

Дегенмен, бұл да уақытша сәт. Бәлкім студенттік шақтың бір қызығы осы болар?

## ЭФИРДЕ - УНИВЕРСИТЕТ РАДИОСЫ



Радио – ақпаратты жедел тарататын бірден-бір құрал. Ал, сіз университетімізде «Дәуір» радиосы жұмыс жасайтынын білесіз бе? Ол филология факультеті «журналистика» бөлімінде білім алып жүрген студенттердің аса бағалы құралы болып есептеледі. Десе де, өзге мамандық студенттері мұны біле ме екен? Иә, бар екенін білсе де, оның атауын, тарихын білмесі анық Бұлай дейтін себебім: «Бізде радио бар ма?», «Ол қай жерде?» деген сынды сұрақтарды естіп жатамыз. Мұндай сөздерді естігенде таңырқап, таңдана қалатынымды да жасырмаймын. Себебі, болашақта радио саласына ден қойғысы келетін студенттердің университет қабырғасында шығарып жүрген түрлі бағдарламасы бүкіл университетті қамтымайтыны өкініштіақ. Осы себепті де студенттерде түрлі сұрақтар пайда болады.

Жалпы, бұл радио осыдан 22 жыл бұрын, яғни мамандық пайда болғалы бері жұмыс істеуде. Қаншама білікті ұстаздарымыз осы жылдар ішінде еңбек еткен. Дәл осы радиодан шыңдалып, қазіргі таңда «Қазақ, «Шалқар» радиоларында қызмет етіп жүрген елімізге танымал Серік Сейітман, Азамат Жомартұлы, Марал Жұмагелдіқызы, Базарбек Қожагелдиев, Ұлмира Қалжанова сияқты түлектеріміз де жетерлік. Бес күн бойы оқу ордамызда үлкен үзіліс кезінде түрлі айдарлармен жаңалықтар, бағдарламалар беріліп отырады.

Радионың қысқаша тарихы сіздерге ұнап, көңілдеріңізден шығып жатса, жаңалық тыңдап, құлақтарыңызды түре жүріңіздер!

## КӨК ТУМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

**Көк аспан. Алтын күн. Қыран құс. Бұл еңселі елдің елдік символы. Бейбітшіліктің белгісі, азат күннің айғағы. Көк жүзінде кербез қаққақ көк тудың қазақ үшін қашанда құны қымбат. Тәуелсіз елдің тұғырын танытқан көк байрақтың құдіретін бүгінгі жас ұрпақ жақсы түсінері хақ.**

Бұл сөзіме, өмірі көк тумен өрілген өр жігіттің өнегелі ісі дәлел бола алады. Сонау Моңғолия мемлекетінен келген Наркұлан, бүгінде білім ордамыздың 3-курс студенті. Тұла бойынан қазақилық қылаң беретін студенттің қазақ елі десе шығар жаны бір бөлек. Он сегіз жыл өзге елде өмір сүрсе де, қазақтың қашанда көк туын қадір тұтып, төріне биік қойып келеді. Университетке көк туын көтеріп кіріп келгенде, Наркұлан екендігін жазбай ақ тануға болады. Сабақ үстінде отырған көрінісі өзгені еріксіз таңғалдырары хақ. Қалта телефонын былай қойғанда, жазар дәптері мен қаламы қазақтың көк туымен кескінделген. Жол бойы желбіреген қолындағы көк жалауы да, аудиторияның тұрақты қонағына айналғандай. Көк туын көзден таса қылмайтын Наркұлан, байрағын әспеттеуден еш жалыққан емес. Керісінше, өн бойына зор қуат алып, тәуелсіз елдің туымен бірге тебіренетін секілді. Ата жұртын аңсаған асыл азаматтың бұл игі ісіне көз сүйсінеді, көңіл марқаяды. Осындай өскелең өрен жастар қатары молая берсе екен!



### СТУДЕНТ ЖАСТАР НАЗАРЫНА!!!

Құрметті барша студент-жастар, әуелі сіздерді жаңа оқу маусымдарыңызбен құттықтаймыз және «ҮРКЕР» атты әдеби шығармашылық ұйымының құрылыуымен сүйіншілейміз!!!

Бұл ұйым болашақ әдебиет әлеміне, әр өнердің басын қосып, рухани құндылықтарға һәм ойлы жастарға үлкен жол ашары сөзсіз. Егер сіз өз жұлдызыңызды жарқыратқыңыз келсе біздің ұйымға келіп мүше болуыңызды сұраймыз.

Байланысу үшін: 8-705-158-08-64

Бетті дайындаған: **Арайлым ТАСТЕМІР, Жанерке ЖАРЫЛҚАСЫН**
3-курс студенттері

Yesevi Üniversitesi
ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

## Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde Yesevi Hikmetleri Okuma Yarışması

**Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı tarafından UNESCO 2016 Hoca Ahmed Yesevi Yılı tanıtım programları çerçevesinde, uluslararası düzeyde ve ilköğretim seviyesinde Hoca Ahmed Yesevi Hazretlerinin Dîvân-ı Hikmet adlı eserinden seçme hikmetleri okuma ve Hoca Ahmed Yesevi Hazretleri hakkında bilgi yarışması tertip edildi.**

Kazakistan başta olmak üzere Türkiye, Özbekistan, Kırgızistan, Çin, Rusya ve Türkmenistan'dan pek çok ilköğretim öğrencisinin katıldığı yarışma programı Ahmet Yesevi Üniversitesi Kültür Merkezi tiyatro ve sinema salonunda yapıldı.

Jüriliğini Kazakistan'ın önde gelen ilahiyatçı öğretim üyelerinin yaptığı yarışma programının içeriğini "Hoca Ahmed Yesevi'yi Tanıma" adlı bilgi yarışması, bilmece soruları ve Dîvân-ı Hikmet'ten seçme hikmetlerin okunması alanları oluşturdu. Yarışmacı öğrencilerin ailelerinin de ödüllendirildiği programda Hoca Ahmed Yesevi Hazretlerinin Dîvân-ı Hikmet adlı eserindeki tüm hikmetleri ezberleyen öğrencilere de özel ödüller takdim edildi.

**Kenan SEMİZ**

## Mütevelli Heyet Başkanı Türkistan'da Akademik ve İdari Kadroyla Buluştu

**Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Ahmet Yesevi Üniversitesi'nin Türkistan merkez yerleşkesinde görev yapan akademik ve idari kadrosuyla bir araya geldi.**
**24 Eylül 2016 Cumartesi günü saat 17.00'de Turan Restoran'da gerçekleştirilen çaylı buluşmaya Türkiye'den bu yıl görevlendirmeyle gelen akademik personel de katılım gösterdi.**

Buluşma çerçevesinde bir konuşma yapan Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, göreve geldikleri andan itibaren gerçekleştirilen hizmetler ve UNESCO 2016 Hoca Ahmet Yesevi Yılı kapsamında organize edilen programlar hakkında bilgiler verdi. Ahmet Yesevi Üniversitesinin her geçen yıl daha da güçlenen kadrosuyla ve ortaya koyduğu bilimsel çalışmalarla kalitesini bölgesinde ve Türk Dünyası'nda ziyadesiyle hissettirdiğini de belirten Başkan Yıldız, Ahmet Yesevi Üniversitesinin pek çok artısıyla Türk Dünyasının tercih sebebi ve vazgeçilmezi olduğunu da sözlerine ekledi.



Türkiyeli akademik ve idari kadro olarak büyük bir ilgi, alaka ile hizmet vermemiz gerektiğini de belirten Başkan Yıldız, hiçbir öğrencimizi ayırt etmeksizin Türk Dünyasındaki tüm evlatlarımıza sahip çıkmamız gerektiğini, zira tabiatın boşluk kabul etmediğini, biz sahip çıkmazsak şer odaklarının kirli oyunlarına alet olmalarının işten bile olmadığını, bunun da en açık örneğini 15 Temmuz ihanet gecesinde Devlet ve Millet olarak iliklerimize kadar idrak ve tecrübe ettiğimizi söyledi.

Bu gerçek ve haklı gerekçeler münasebetiyle de tüm hocalarımızın, Türkiye'de ortaya koydukları performans ve enerjilerinin daha fazlasını ortaya koymaları gerektiğini dile getiren Başkan Yıldız, 2016-2017 akademik yılının tüm kadromuzla beraber Ahmet Yesevi Üniversitesi nezdinde tüm Türk Dünyasına da hayırlar ve başarılar getirmesi temennisinde bulundu.

Daha sonra tek tek akademik ve idari kadronun fikir, görüş, düşünce, proje ve karşılaştıkları sorunları dinleyen Başkan Yıldız, sunmuş olduğu çözüm önerileri ve cevaplarıyla programı tamamladı.

Yeni eğitim öğretim dönemi için yapılan hazırlıkları inceleyen Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Kentav şehrinde bulunan Ahmet Yesevi Üniversitesi Hazırlık Fakültesini de ziyaret etti.

**Kenan SEMİZ**

# Avrasya Yaz Okulu Düzenlendi

**Yurtdışı Türkler ve Akraba Topluluklar Başkanlığı, Ahmet Yesevi Üniversitesi Avrasya Araştırma Enstitüsü ve Uluslararası Türk Akademisi'nin düzenlediği Avrasya Yaz Okulu Programı başladı. Programla birlikte Orta Asya ve Avrasya Bölgeleri üzerine çalışmalar yürüten yüksek lisans ve doktora öğrencileri ortak sorunları belirleyerek çözümler masaya yatıracak.**

Kazakistan'ın Almatı ve Astana şehirlerinde 19-26 Eylül tarihlerinde gerçekleştirilecek olan programa dünyanın çeşitli bölgelerinden Orta Asya ve Avrasya Bölgeleri üzerine çalışmalar yürüten 20 yüksek lisans ve doktora öğrencisi katılacak. Program kapsamında Türkçe, İngilizce ve Rusça olarak verilecek derslerde katılımcılara simultane çeviri hizmeti sunulacak

Avrasya Yaz Okulu programı kapsamında bölgeyi ilgilendiren ekonomik, siyasi ve dış politika alanlarında temel konular tartışılacak olurken, ortak sorunlar belirlenerek çözümler masaya yatırılacak. Ayrıca, Orta Asya ve Avrasya üzerine çalışan akademisyen adayları bölgeyi ziyaret fırsatı bulacak ve birincil kaynaklara da erişebilecek. Program çerçevesinde bir de Avrasya bölgesi ile ilgili ekonomi, siyaset ve dış politika konularında çalışan genç araştırmacılar bir araya gelerek akademik dünyanın uluslararasılaşmasına katkı sağlayacak. Program Türkiye'de Avrasya çalışmaları alanında daha nitelikli yayınların çıkmasına imkân sağlayacak.

Türk dili konuşan ülkelerin ekonomik entegrasyonu, Avrasyacılık ve kimlik üzerine tartışmalar, ulaşım ve altyapı projeleri, enerji ve su güvenliği sorunları, Hazar Denizi'nin yasal statüsü ve bölgesel işbirliklerinin geleceği ve Avrasya'da güvenlik sorunları konuları gibi dersler alacak olan akademisyen adayları, bu sayede bölgeyi daha fazla tanıyacak. Bütün bu derslerle birlikte katılımcılar ileriki çalışmaları için büyük bilgi birikimi elde etmiş olacak.

Programı başarı ile tamamlayan öğrenciler uzmanlık alanlarındaki bilgi ve deneyimlerini artırırken, araştırma aktiviteleri ile bilimsel düşünme yeteneklerini geliştirecek. Yerel ve yabancı kaynaklara erişim imkânı da bulacak olan öğrenciler, Kazakistan'ın iç ve dış politikasının özelliklerini kamu kurumlarını ziyaret ederek ilk elden öğrenme fırsatı da elde edecek.

## Ahmet Yesevi Üniversitesi Tıp Fakültesi Doktorları Gazi Üniversitesindeki Eğitimlerini Tamamladılar

**Ahmet Yesevi Üniversitesi Tıp Fakültesi Doktorlarından Ortapedi Uzmanı Kuahtbek Akhayev, Kadın Hastalıkları ve Doğum Uzmanı Shakmnoza Sadykova ve Diş Hekimi Serikbageva Şınar, Gazi Üniversitesi Tıp Fakültesi ve Diş Hekimliği Fakültesinde bir yıl süren bilgi görgü arttırma eğitimlerini tamamladılar.**

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığınca desteklenen eğitim programının çok faydalı olduğunu dile getiren uzman doktorlar katkılarından dolayı Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'a teşekkür ziyaretinde bulundular.



Prof. Dr. Musa Yıldız da uzman doktorlara, Türkiye'de iyi bir eğitim aldıklarını ve Türkistan'da daha güzel başarılara imza atacaklarını, Başkanlık olarak her türlü desteği imkânlar dâhilinde vereceklerini belirtti.

## Kazakistan'ın Khabar Ajansı Türkiye'de

**Kazakistan basın heyeti, Anadolu Ajansı'na (AA) ziyarette bulundu.**
**TİKA'nın hazırladığı program çerçevesinde Kazakistan'ın Khabar Ajansı'ndan Türkiye'ye gelen medya mensupları, AA'nın faaliyetleri, yayın dilleri ve hedefleri hakkında bilgi aldı.**

AA Kurumsal İletişim Direktörü Esra Kireçci, Kazak medya mensuplarına AA'nın faaliyetleri hakkında bilgi verdi.

AA'nın kuruluşu itibarıyla Türkiye Cumhuriyeti ile özdeş olduğunu anımsatan Kireçci, ajansın kuruluş amacının "Anadolu'nun sesinin dünyaya duyurulması" olduğunu ifade etti.

Kireçci, AA'nın 11 dilde yayın yaptığını ve dünyanın en büyük 10 ajansından biri olduğunu söyledi. AA'nın sadece yerel veya ulusal düzeyde değil, küresel çapta bir ajans olduğunu vurgulayan Kireçci, AA'nın 34 ülkede ofisi, 86 ülkede temsilcisi bulunduğunu ve 87 milletten de çalışanı bünyesinde barındırdığını aktardı.

Kireçci'nin ardından söz alan Khabar TV Yönetim Kurulu Başkan Yardımcısı Rinat Kertayev, AA'nın dünya çapında en doğru haber aktaran ajanslardan biri olması ve ürettiği haberlerin Orta Asya'ya uygun olması sebebiyle kaynak ve bilgi aktarımı konusunda AA ile birlikte çalışmak istediklerini dile getirdi.

Konuşmaların ardından Kireçci, Kazak medya heyetinden Kertayev'e "Dakika Dakika FETÖ'nün Darbe Girişimi" kitabını ve vazo hediye etti.

Toplantıda basın mensuplarına, AA'nın hazırladığı Haber Akademisi ve Savaş Muhabirliği tanıtım videosu izletildi ve AA'nın yayın dilleri hakkında bilgi verildi.

Konuk heyet, daha sonra AA'nın haber birimlerini gezerek kurumun işleyişi hakkında bilgi aldı.

## Doç. Dr. Fahri Temizyürek ve Yrd. Doç. Dr. Erol Barın Ahmet Yesevi Üniversitesinde

**Ahmet Yesevi Üniversitesinde 2016-2017 akademik yılı oldukça hızlı ve dolu bir eğitim-öğretim gündemiyle başladı.**

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığının hazırlamış olduğu program çerçevesinde iki haftalığına Türkistan'da bulunan Gazi Üniversitesi öğretim üyeleri Doç. Dr. Fahri Temizyürek ile Yrd. Doç. Dr. Erol Barın, iki haftalık süre içerisinde vermiş oldukları ders, panel ve seminerlerin yanı sıra gerçekleştirdikleri birer konferans programıyla da Kazakistanlı Türkiye Türkçesi okutmanlarıyla bir araya geldi.

21 Eylül 2016 Çarşamba günü gerçekleştirilen sıralı konferanslar saat 15.00'te Ahmet Yesevi Üniversitesi Kütüphanesi'nin birinci katında bulunan toplantı ve konferans salonunda yapıldı. "Vücut Dili ve Etkili İletişim" ile "Yabancı Dil Olarak Türkçe Öğretiminin İncelikleri" alanlarında önemli bilgiler aktaran konuşmacılar Doç. Dr. Fahri Temizyürek ve Yrd. Doç. Dr. Erol Barın, yaklaşık iki saat süren konferansın sonunda gerçekleştirilen soru-cevap bölümüyle programı tamamladı.

# Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde Tuluyhan Uğurlu Rüzgarı

**Ahmet Yesevi Üniversitesinden Tuluyhan Uğurlu geçti. 1990'lı yıllarda Türkiye'de çekilen "İstanbul Kanatlarımın Altında" adlı filmin müziklerini yapan ve bu çalışmasıyla ünü filmin de önüne geçen sanatçı Tuluyhan Uğurlu, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığının UNESCO 2016 Hoca Ahmed Yesevi Yılı çerçevesinde başlattığı bir proje için bestelediği Hoca Ahmed Yesevi konulu müziklerini Türkistan'da icra etti.**

Ahmet Yesevi Üniversitesi Kültür Merkezi tiyatro ve sinema salonunda gerçekleştirilen konser programı 22 Eylül 2016 Perşembe günü saat 15.00'te başladı ve bir buçuk saat sürdü. Programa katılan Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış yaptığı konuşmada, kadim milletlerin insanlık tarihi boyunca yetiştirdiği ve tarihin seyrini değiştiren önemli insanlara sahip olduğunu, Hoca Ahmed Yesevi Hazretlerinin de Türk-İslâm Dünyası ve tüm insanlık açısından böyle çok önemli bir yere sahip olduğunu dile getirdi. Tuluyhan Uğurlu gibi tanınmış ve çok değerli eserlerin sahibi olan bir sanatçımızın, Hoca Ahmed Yesevi Hazretlerinin hikmetlerinden aldığı ilhamla çok özel ve güzel eserler ortaya koyduğunu da belirten Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, kıymetli Ahmet Yesevi Üniversitesi mensupları huzurunda sanatçı Tuluyhan Uğurlu'ya teşekkürlerini iletti.

Ardından söz alan Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Berik Ahmetov ise Tuluyhan Uğurlu isminin çok değerli bir isim olduğunu, kendisini yakından takip ettiğini ve Hoca Ahmed Yesevi Hazretlerinin hikmetleriyle icra ettiği eserlerle değerinin da daha da arttığını dile getirdi. Sanatçımız Sayın Tuluyhan Uğurlu'yu Türk-İslâm Dünyası'nın ruhani başkenti olarak kabul edilen Türkistan'da ağırlamaktan büyük bir memnuniyet duyduğunu da belirten Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Berik Ahmetov, Tuluyhan Uğurlu'ya teşekkürlerini sundu.

Daha sonra söz alan ünlü sanatçı Tuluyhan Uğurlu, Hoca Ahmed Yesevi Hazretleri için yaptığı ve yine Hoca Ahmed Yesevi Hazretlerinin huzurunda icra edeceği eserlerinin heyecanı içerisinde olduğunu dile getirdi. Türkistan'da bulunmaktan duyduğu memnuniyeti de belirten sanatçı, müziklerini terörün kıydığı şehit ve gazilere ithaf ettiğini söyledi. Cana kıyan terörün aslında tüm insanlığa kıydığını da belirten sanatçı, insana kıymet veren ve yücelten değerlerimizle yeniden tanışmamız ve bu değerlerle birlikte yeni bir dünya inşaa etmemiz gerektiğini ifade etti.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Kültür Merkezindeki konsere bölge halkı da oldukça yüksek bir ilgi ve alaka gösterdi. Hoca Ahmed Yesevi Hazretlerinin hayatının ve yedi ilkesinin hikmetleriyle beraber, slayt gösterisi eşliğinde gönüllere nakşedildiği Tuluyhan Uğurlu konseri seyredenler tarafından uzun süre ayakta alkışlandı.

Sanatçı Tuluyhan Uğurlu, bugün de Hoca Ahmed Yesevi Hazretlerinin türbesinin yakınında bir mekânda konser verecek.

**Kenan SEMİZ**

# Yeni Akademik Yılın İlk Senato Toplantısı Yapıldı

**Ahmet Yesevi Üniversitesinin 2016-2017 akademik yılı ilk senato toplantısı Rektör Prof. Dr. Valihan Abdibekov ile Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış'ın başkanlığıyla gerçekleştirildi.**

**Ahmet Yesevi Üniversitesi Kültür Merkezinde yapılan senato toplantısının açış konuşmalarını Rektör Prof. Dr. Valihan Abdibekov ve Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış yaptı.**

Rektör Prof. Dr. Valihan Abdibekov konuşmasına, yeni akademik yılın Ahmet Yesevi Üniversitesi ve tüm Türk Dünyası'na hayırlar ve başarılar getirmesini dileyerek başladı. Akademisyenlerin yeni akademik yılını da kutlayan Rektör Prof. Dr. Valihan Abdibekov ile Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, yeni akademik yılın ilk senato toplantısı münasebetiyle bazı akademisyenlere çeşitli ödüller takdim ettiler.

Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış ise konuşmasına, yeni akademik yılın Ahmet Yesevi Üniversitesi nezdinde Kazakistan ve Türkiye'ye de hayırlı ve uğurlu olması temennisiyle başladı. Kazakistan Cumhuriyetinin kurucu Cumhurbaşkanı Sayın Nursultan Nazarbayev'in teklifiyle Türk Dünyasının ortak üniversitesi olan Ahmet Yesevi Üniversitesinin başarısının tüm Türk Dünyasının ortak başarısı olduğunu da ifade eden Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, bu vesileyle tüm Ahmet Yesevi Üniversitesi mensuplarının görev ve



sorumluluklarının da arttığını dile getirdi. Bu görev bilinci, şuuru ve mesuliyetiyle yepyeni bir akademik yıla başladıklarını belirten Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış; kalite ve tasarruf çalışmaları, genç uzman ve akademisyenlerin yurt dışında eğitimle görevlendirilmeleri, yurt dışındaki akademik faaliyetlere katılımın kolaylaştırılması, talebin az olduğu uzmanlıkların kapatılıp yerine yeni uzmanlık sahalarının açılması, Diş Hekimliği Fakültesinin açılması ve tüm alanlarda kalite standartlarının yükseltilmesi gibi konularda fikir ve görüşlerini beyan edip tekliflerini sundu.

Öğrenci Kabul Komisyonundan sorumlu Sekreter E. Tölegenov, 2016-2017 eğitim-öğretim yılında lisans, yüksek lisans ve doktora programlarına yapılan kabullerle ilgili bilgiler aktardı. Sınav süreçleri ve öğrenci kabul politikasıyla ilgili bilgiler de veren Sekreter E. Tölegenov, 2016-2017 eğitim-öğretim yılında Ahmet Yesevi Üniversitesine 327'si Kazakistan Cumhuriyeti (karşılıksız) burslusu, 200'ü Türk Dünyası (karşılıksız) burslusu, 433'ü Türkiye burslusu, 701'i ücretli ve 382'si Hazırlık Fakültesi olmak üzere toplamda 2043 öğrencinin kabul edildiğini belirtti.

Ardından söz alan Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Berik Ahmetov ise bölüm adlarında değişikliğe gidilmesi, İlâhiyat, bilimsel araştırma-geliştirme, analiz ve metodoloji merkezlerinin açılması gibi akademik çalışma alanlarında malumatlar verdi.

Senato Sekreteri M. Asanova'nın yapısal değişiklikler, yer değiştirmeler vb. gibi konularda bilgiler aktardığı yılın ilk senato toplantısında 2016-2017 eğitim-öğretim yılı için hazırlanan yıllık çalışma planı da onaylandı.

# Almatı Dünyada En Popüler Turizm Destinasyonları Arasına Girdi

**MasterCard Global Destination Cities Index'in her yıl hazırladığı en popüler turizm listesi yayınlandı. Uçak biletlerini ve çeşitli turistik harcamaları baz alarak turistler arasındaki en popüler şehir listesinde bu sene .**

Kazakistan'ın Almatı şehri de yer aldı. Bu yıl 132 şehrin değerlendirildiği listede İstanbul ilk ona girerken Almatı'nın 107. sırada yer aldığı bildirildi. Listenin ilk onu arasında sırayla Bangkok, Londra, Paris, Dubai, New York, Singapur, Kuala Lampur, İstanbul, Tokyo ve Seul gibi şehirler bulunuyor.

# Kazakistan'da Süryani antik kenti kalıntıları bulundu

Kazakistan'ın Çin sınırına yakın bir bölgesinde, antik bir Süryani kilisesine ait kalıntılar bulundu. Süryani hacıların seyahat ve tarihi metinlerinde adı geçen antik kent Ilyn Balik'in Kazakistan'da bulunduğu iddia ediliyor.

Kazakistan'ın Çin sınırına 60 km uzaklıktaki Uşaral'da antik kent ve kentin mezarlığına ait olduğu düşünülen 8 mezar taşı bulundu.

Bu buluşun, Kazakistan'daki antik Hıristiyan toplumuna ilişkin ilk arkeolojik kanıt olduğu söyleniyor. Antik Kazakistan'da Budistlerin, Hıristiyanların ve Müslümanların yaşadığı da böylece kanıtlanmış oldu.

İki yıl önce bir köylünün üzerinde haç bulunan bir taş bulması üzerine, Kazakistan hükümeti konu hakkında bir araştırma komitesi kurmuş ve bunun başına da en önemli İpek Yolu uzmanlarından arkeolog Karl Baipakov'u geçirmişti.

# Piyanist Tuluyhan Uğurlu, Türkistan'daki Yesevi Türbesi önünde konser verdi

**Piyanist Tuluyhan Uğurlu, Kazakistan'ın Türkistan şehrinde bulunan Hoca Ahmet Yesevi Türbesi önünde konser verdi. Ahmet Yesevi Türbesi önündeki konserde bir ilki gerçekleştiren sanatçı, türbenin önünde bugüne kadar verilen ilk konserde Ahmet Yesevi için bestelediği eseri seslendirdi. Ahmet Yesevi Üniversitesi'nin Türkistan Valiliği'nden aldığı özel izinle dün gerçekleşen konsere üniversite öğrencileri ve Türkistanlılar katıldı.**

Tuluyhan Uğurlu'nun konseri Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından düzenlendi. Konser sonrası Kazak-Türk Üniversitesi'nin Türk Rektör Vekili Mehmet Kutalmış, kısa bir konuşma yaparak, Ahmet Yesevi'nin Türk kültüründeki önemini anlattı. Bir gün önce üniversitede gerçekleşen konserle başlayan 'Yesevi Anma' programının türbe önünde verilen konserle taçlandığını söyleyen Kutalmış, konser sonunda Tuluyhan Uğurlu'ya Kazaklar'ın 2 bin yıllık geleneği olan ve en yüksek misafirlere giydirilen 'çapan'ı giydirdi.

Konserlerini terör şehitlerine ithaf etti. Piyanist Tuluyhan Uğurlu,



'2016 UNESCO Ahmet Yesevi Yılı' dolayısıyla Yesevi'nin yaşadığı Kazakistan'da gerçekleşen 3 konserini de dünyanın her yerinde kaybedilen terör şehitlerine ithaf etti. Konserlerde çok duygusal anlar yaşadığını belirten Uğurlu, duygularını şu sözlerle anlattı: "Kardeşlerimizle buluştuk. Özü, sözü doğru, atalarımızın bize miras bıraktığı tüm erdemleri değiştirmeden yaşayan, çağdaşlık yolunda hızla ilerleyen Kazak kardeşlerimizle Ahmet Yesevi'nin ışığı ile aydınlandık. Türkiye Kazakistan Büyükelçiliği, Yunus Emre Astana Türk Kültür Merkezi tarafından düzenlenen Astana konserim, ardından Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde verdiğim konser ve Ahmet Yesevi Türbesi önünde gerçekleşen tarihi buluşma. Bugüne kadar piyanomu Nemrut Dağı'ndan, Hattuşa'ya, Truva harabelerine kadar her yere taşımış, barış ve kardeşlik için çalmıştım. Bugün inanç, emek, barış ve sevginin merkezinde Yesevi'nin türbesi önünde düşlerimi gerçekleştirdim. Ahmet Yesevi kuşkusuz göklerden kendisi için yazdığım eseri dinlemiş sevmiş olacak ki, beni huzuruna kabul etti. Çok heyecanlı, gururlu, kıvançlıyım. Gözyaşlarımı zorlukla tutuyorum. Bu konserin Cuma gününe denk gelmesi ise ayrı bir hikmet. Türkiye'de tüm camilerde Cuma namazları kılınırken, biz Türkistan'da Yesevi Hazretlerinin huzurunda memleketimizin huzuru için, tüm insanlığın çektiği acıların son bulması için müziğin kolları arasında dualarımızı göklere gönderdik. O da kabrinden bizi dinledi. Bundan daha güzel ve anlamlı bir buluşma olur mu?"

СТУДЕНТ БЕТІ

# ҚАДІРІН БІЛМЕЙ ЖҮРМІЗ

**Бар дүниенің қадірін бар екен деп бағаламайтын қасиет қанымызда бар. Мен оқу орнының есігін жаңадан ашқан 1-курс студентімін. Ұстазымның айтуы бойынша әзірше «сары ауыз» балапандармыз. Оқу орнына келген бастап көздерім айналадағы қоршаған заттарға көз тастауға итермеледі. Өңі өзгеріп сызылған, боялған, парталар, тақталар, есік, терезе тағысын тағылар. Ішінен бір жаңа зат көзге көрінбейді.**

Аудиторияға қараңыздаршы! Бірі парталарға атын ойып тұрып жазса, енді бірі ойына келген кез-келген сөзін жазса, енді бірі махаббат дастандарын жазыпты, ең сорақысын қараңыз парталардың астына қаздың балапандарындай етіп тізілген сағыздарды айтсаңызшы. Барлығы да тайға таңба басқандай анық көрініп тұр. Көрінген адам солай жасай берер болса, ана заттардың не қадірі қалады?!

Қадіріне жетпеген қайран парталар. Айтыңызшы! Үйіңізге деп арнап алған дүниелерге қол ұшын тигізіп, бүлдірересіз бе?Жоқ олай жасамайсыз. Себебі, ол заттың үлкен ақшаға келгенін жақсы білесіз. Сол сияқты бұл оқу орнының, соның ішінде өзіңнің жүрек қалауыңызбен келген оқу орнына бұлай жасағаныңыз орынсыз болар сірә?!

Достар күнделікті жасап кеткен тірліктеріңізге бір сәт назар салыңыздаршы. Өз-өзімізге бұнымыз дұрыс па? Кейінгі келе жатқан жас буынға жаңа дүниені қаз-қалпында неге жеткізбеске деген сұрақтар қойып көрдіңіз бе?

Әрине өкінішке орай сіз бүлдірдіңіз, бірақ ондай жақсы ой ойламадыңыз. Керісінше – Ооо міне менің атым қалды, - деп масаттанып бір күліп алдыңыз. Ал оқу орнына жоғарыдағы отырған басшы ағаларымыз ат басын тіреп келіп қалса айтатын алғашқы сөздеріңіз:

-Неге біздің оқу орнының парталары ескі?

-Неге терезе есіктері сызылып, ескірген оны жаңаламайсыздар тағысын тағы әңгімелер айтылып жатады. Сонда деймін мына жастар шын мәнінде де осыны жете түсінбей ме деп қаламын. Өзі бұзып, өзі сызып, өзі ластап алып кімнен нені талап етесіздер.Осындай сан мыңдаған жауапсыз сұрақтар көңіліме кірбің мен күдік ұялатады. Сондықтан да қымбатты менің достарым ащы шындық қашанда шымбайымызға батады. Жалған намысты бір шетке ысырып қойып оқу орнымыздың жаңарып гүлденуіне үлес қосайық. Әдемі оқу орнында оқығанды сіз де қалайсыз ғой. Ендеше бұл игі ісімізді ертеңге қалдырмай бүгіннен бастаңыз. Іске сәт достарым!

**Венера ОЙЫЛХАНОВА,**
**1-курс студенті**

27-қыркүйек - ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ТУРИЗМ КҮНІ

# ТУРИЗМ ТАБЫСТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІНЕ АЙНАЛУДА

**Бүгінде жаһан елдерінің табысының қайнар көзіне айналған бірден бір кәсіп туризм. Әлемнің менмін деген елдерінің басым бағыт беріп ерекше көңіл бөлетін саласы да осы. Көптен бері әлем елдері мен жекелеген компаниялар мен үлкен серіктестіктер назарын өзіне аударған, бүгінде әр мемлекет өзінің бай табиғатымен елдерінің ұлттық құндылықтарын дәріптей алатын бірден - бір дара жолға айналуда.**

Туризимнің тарихына тоқталсақ. Алғаш болып ежелгі Египет ханшайымы Хатшепсут саяхат жасауды бастаса, ізін ала мысырлық тағы бір саяхатшы Синухит Шығыстағы Кедем мемлекетіне сапар шегіп, "Сиухит оқиғалары" атты кітап жазып қалдырған. Тарихтың атасы атанған Геродотта көптеген елдерді аралап туризим әлеуетінің алғашқы баспалдақтарын қалап кеткен болатын. Орта ғасырларда қарқын алған бұл сала уақыт өте келе көптеген елдер қызығушылық білдіріп, тек әсем табиғат емес келушілердің күтіміне де назар аудара бастады. Жиырмасыншы ғасырларда қонақ үйлер желісін, қызмет көрсету саласын оңтайландырған елдердің экономикасы жоғырылай берді. Жай қарағанда жанама табыс көзі секілді болған алар орны ерекше екенін әлем елдері түсіне бастады. Бүгінгі таңда дүниежүзінде туризмді дамытып отырған елдер АҚШ – тың Багам аралдарын айтсақ болады, Қытайдың Ханджоу аймағы, Шанхай қаласы, Жапонияның Токиосы, Еуропаның өзіндік ерекшелігін, әрине әлемде теңдесіз Қазақ елінің бай табиғатын неге айтпасқа. Келтірілген мәліметтерге сүйенсек әр ел өзінше талпынуда.



Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық тарихи орындар, әсем де бай табиғат, үлкен мегаполюстеріміз барлығы шет елдерден туристер тартуға мол мүмкіншілік береді. Ақмола облысындағы Көкшетау курорттық аймағы, шығыстағы орманы нулы Катон карағай, Алатаудың салқын самалы мен бал татыған саумал қымызы, Оңтүстік өңірдің Машаты Қазығұрты, тарихқа тұнған Түркістаны, батыстағы облыстарды сөзбен әспеттеу мүмкін емес, барлығы да алыстан мен мұңдалап көз тартып тұр. Еліміздің ауа - райы қолайлы. Барлығы үйлесім беруде. Туризм саласының майталмандарының айтуы бойынша бізде менеджмент жетіспеуде.

Уақыт өткен сайын заман талабына сай жылдам әрі тез, қалтаға ауырлық салмайтын ықшам туризм аймағы қолданысқа беріледі деген ойдамын.

**Олжас ЖОЛДЫБАЕВ,**
**3-курс студенті**

ЖАҢА КІТАП

# ҚОРҚЫТ АТА ЖАЙЛЫ ҚҰНДЫ ЕҢБЕК




Профессор Тоқболат Еңсегенұлының жақында ғана жарық көрген «Қорқыт ата – түркілердің рухани кемеңгері» атты монографиялық еңбегін оқып шыққаннан кейін ағысы қатты дариядай үйіріле жөңкіген ой иіріміне сүңгіп кеттік. Шындығында, Қорқыт ата жайлы зерттеу жасаған сайын оның әлі ашылмаған жаңа құпия сырларына кезігіп, соның шексіз тұңғиығына қарай бойлай сүңги берерііңіз сөзсіз. Ақиқатында, бұл бабаны зерттеп білу – дүние жаратылысын, тіршілік болмысын, өмір сүру ережелерін, заман ағымын, соның қатпар-қатпар сан ғасырлық тарихын және көне дәуір дінін, рухани құндылықтарын қопара, тұтастыра ғылыми негізде тексерумен бірдей. Сондықтан, Қорқыт ата жайлы сөз қозғау жұмысы аса күрделі мәселе. Бұл зерттеу еңбектің ерекше құндылығы – Қорқыт ата жайлы сөз қозғағанда, ең бірінші, сол бабамен біте қайнасқан тәңіршілдік ілімінің бүкіл болмысын, табиғатын және оның ішкі жан дүниесін алғаусыз танытатын қазақ халқының қалың аңыздары еске түседі. Сондай-ақ, осы монографияда «Қорқыт ата кітабы» эпосының зерттелуі, оған В.В.Бартольдтің қосқан үлесі, Қорқыт ата дәуірі, оның өмір сүрген кезеңі, тарихи келбеті, баба жырының құрылысы, басты тұлғалар бейнесі, «Қорқыт ата кітабы» «Оғызнама» шығармасының жалғасы болып саналатыны, өзектестігі, баба жырының қазақ поэзиясына ықпалы және басқа да сөз етуге қатысты күрделі мәселелер кең тұрғыда зерттелініп, жаңа ғылыми тұжырымдар қорытындысы шығарылды.

Бұл еңбек жоғары оқу орындарының филология, тарих, журналистика, философия факультеттерінің студенттеріне, магистрант, докоранттарына, түркітану саласының мамандарына, жалпы оқырмандарға арналған.

**АЛ СОЛ КЕЗДЕ..**

Өткен жылдың аяғында Алматыдағы «Тоғанай Т» баспасынан шыққан «Момын» атты роман өзінің талғампаз оқушысын бей-жай қалдырмай, оның сезімтал жүрегін сергітіп, елеңдетіп, оқырманын бірде қуантып, бірде ызаға булықтырып, арасында мұңға батырып, толғантып, ойын байытатын және мына қым-қуат өмірге зерделі жанармен қарауға себепкер болатын көркем дүние. Романның жөн тартар негізгі желі арнасы – әділет пен зұлымдықтың қиянкескі арпалысы, өмірі ымыраға көнбес, кескілескен шайқасы болып табылады. Сол мақсатқа жету барысында кешегі кеңестік заманның тоқырау кезеңінің зәредей шындығы осы кең арна ішімен буырқана тулап, жөңки аққан.

Әрине, сыртекі жұрттың бәрі біле бермейді, кезінде сол тоқырау дәуірінің лаңы өзге жақпен салыстырғанда Сыр бойы аймағына молынан жайылып, сол өлкені тұмшалай тұншықтырып, зілденіп, жұқпалы індетке айналды. Себебі, Кеңес одағы тұсында айла-шарғымен қоса «Алтын Жұлдыз» таққан кейбір жоғары лауазымды тұлғаларға еліктеп, осы өңірдің сол шақтағы бәзбір басшылары өз мансабына жету пиғылымен жалғанды жалпағынан басып, кәдімгідей ойына келгенін істеп бақты. Осылайша адам қолынан жасалған зұлымдықтың әлегінен шалқыған дарияның тандыры кеуіп, шалқар теңіз – теңгедей, жұмақ жер – тебінгідей болып, осы аймақтағы жалпақ ел бас сауғалап, тентірей босты. Сөйтіп, Арал өңірі апат аймағына айналды. Мұндай адам айтса нанғысыз зұлмат сұмдықтың қапастай қасіретінен роман авторы да тыс қалған жоқ.

Романдағы басты тұлға – Жаңабай Ақтілеуов. Ол ой азығы мол, рухани қазынасы бай, дүние танымы кең, әрі еңбекшіл, іскер, білімді, адамгершілігін кір шалмаған жаны таза адам. Әрі намысшыл. Бірақ табиғат сыйлаған қасиет – тым жуас. Сондай батылсыз, ынжықтығынан Жаңабай – «Момын бала» атанады. Мұндай жігерсіз, жуастығынан, баладай ақжүрек, шыншылдығынан Жаңабай редактор Қарғабай Алтаевтың аяусыз езгісін көреді. Қуғынға түседі. Оған іштей күйініп, шексіз азапқа батады. Әйтсе де ол көнбістілігінен бе, мұндай қорлыққа төзіп, өмір көрігінің от пен жалынының арасында шыңдалып, әділетсіздікке қарсы күресуге тырысады.

Сонымен бірге, бұл туындыда аңыз-әңгіме, табиғат, хайуанат бейнелері романдағы басты-басты кейіпкерлер образдарының мінез-құлқын айқындап, толықтыра түсу ниетінде және символикалық тұрғыда қолданылады. Мәселен, мансап, мадақ, жоғарыға жағыну үшін халық, ел, жер тағдырын ойламай қара басының қамы жолында неше түрлі айла-шарғыға барған сол тұстағы облыс, мекеме басшыларының іс-әрекеттері шынайылықпен көрсетілген.. Соған сәйкес, танымал қаламгер Тоқболат Еңсегенұлының «Момын» атты романы қазақ халқының рухани қорына қосылатын сәтті шығарма деуге болады

**Досбол ИСЛАМ,**
**доцент**




Ясауи университеті

Редактор Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

**Тілшілер:**
Журналистика бөлімінің студенттері

**Фототілші:** Нақып ШЫНТЕМІРОВ
**Беттеуші:** Мұрат ШАХАНБАЕВ

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 4.10.2010 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №11180-Г куәлігі берілген.

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. «Ясауи университетінде» жарияланған мақаланы көшіріп басқанда сілтеме жасалуы тиіс. Кейбір суреттер интернеттен алынды

**Мекен-жайы:** ҚР, ОҚО, Түркістан қаласы, Қазыбек би көшесі, №4 оқу ғимараты, 106-кабинет.
**Байланыс телефоны:** 8 /72533/ 3-21-24, ішкі 117
**Эл.пошта:** a.yassaui@mail.ru

Газет «M-PRESS» ЖШС баспа үйінде басылды.
**Мекен-жайы:** ҚР, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18-үй
Таралымы: 1000 дана

Тапсырыс нөмірі:

Газет 1995 жылдан бастап айына 2 рет шығады

**Таралу аумағы:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ